

## Заң жобаларын әзірлеу

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Окімі 1995 жылғы 3 қаңтар N 1

Соңғы кезде заң жобаларын әзірлеу талаптары мен оларды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне ұсыну мерзімінің жиі бұзылатынын талдау көрсетіп отыр.

Осыған байланысты:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, Мемлекеттік комитеттері, Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының бөлім менгерушілері заң жобаларының мерзімін өзгерту, тізбелерден алып тастау, атауын өзгерту мәселелерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының Заң бөлімімен келісетін болсын.

2. Қандай да бір заң жобаларын қайтарып алу, оларды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауын енгізу мерзімін өзгерту туралы ұсыныс жасалған хатқа Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, ол болмаған кезде Премьер-министрдің бірінші орынбасары қол қояды.

Премьер-министр